

Ізденуші Камбатыров Максат Батыровичтың 6D072000 - Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға арналған «Леңгір кен орнының көмір өндіру қалдықтарынан азық қоспаларын алу технологиясын жасау» тақырыбында дайындалған диссертациялық жұмысына ғылыми жетекшінің

ШІКІРІ

Камбатыров Максат Батырович 2018 жылы М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Университетіне 6D072000 - Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы мамандығы бойынша докторантураға түсті және 2021 жылы толық курсы аяқтады.

Ізденушінің диссертациялық жұмысы көміртегі бар шикізат негізінде азық қоспаларын өндіру технологиясын әзірлеуге негізделіп, университет ғылыми кеңесінің 20.12.2018 ж. №5 шешімімен бекітілген. Ғылыми жұмыс Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы кафедрасының мемлекеттік-бюджетті Б-16-02-03 «Шикізатты байытудың және өнеркәсіптің әртүрлі салаларының табиғи кен - минералды ресурстары мен техногендік қалдықтарынан бейорганикалық қосылыстар синтезі өнімдерін алудың баламалы-инновациялық технологияларын құру бойынша зерттеулер» жоспарына сәйкес орындалған.

Бұл диссертациялық жұмыс құрамында көміртегі бар шикізат негізінде азық қоспаларын алудың ғылыми негізделген технологиясын әзірлеу мақсатын айқындайды. Жұмыстың ғылыми өзектілігі қазіргі таңда ауылшаруашылығы жануарларына арналған азық қоспаларының құрамы көмірсулар, ақуыз, майлар, органикалық және минералды заттар (макро - және микроэлементтер) бойынша теңдестірілмеуі және мал шаруашылығы өнімдерін өндіру көлемінің төмендеуі салдарынан азық қоспаларын алудың ғылыми тұрғыда негізделген әзірлемелерінің жоқтығымен негізделеді. Осы орайда, көмір өндірісінің қалдықтары түріндегі жергілікті техногендік ресурстарды пайдалана отырып, химиялық құрамы мен қасиеттері жағынан ауылшаруашылығы жануарларының толыққанды қоректенуіне қажетті азық қоспаларын алудың оңтайлы технологиясын әзірлеу өзекті мәселе екендігі анық.

Докторант М.Б. Камбатыровичтың ғылыми жұмысында Леңгір кен орны көмір өндірісі қалдықтарынан натрий гуматын синтездеу үрдісінің кинетикалық заңдылықтарын, химизмі сондай-ақ алынған натрий гуматының құрамы мен құрылымын зерттеу және натрий гуматын экстракциялаудың технологиясын әзірлеу, сондай-ақ натрий гуматы мен азықтық үшқальцийортофосфат негізінде азық қоспасын синтездеу үрдісінің кинетикалық заңдылықтарын, химизмі сондай-ақ алынған өнімнің құрамы мен құрылымын зерттеу, азық қоспасын синтездеудің технологиясын әзірлеу, тәжірибелік мәліметтерді математикалық өңдеу, технологияның экономикалық тиімділігін есептеу, натрий гуматы мен азықтық

үш кальцийфосфаты негізінде алғашқы рет синтезделген азық қоспасын зоотехникалық сынақтан өткізудің нәтижелері келтірілген.

Диссертациялық жұмысты орындау барысында М.Б. Камбатыров қажетті деңгейлерде ғылыми және кәсіби дағдыларды меңгеріп, тәжірибелер қалыптастырды. Ғылыми тағылымдамадан Д. Менделеев атындағы Ресей химия-технологиялық университетінде (Мәскеу қаласы, Ресей) өткен болатын.

Ізденуші диссертациялық зерттеулер тақырыбы бойынша әдеби материалды талдау және жалпылау, зерттеу және талдау әдістерін таңдау, теориялық және эксперименттік зерттеулер жүргізу, зоотехникалық сынақтарды орындау, зерттеу нәтижелерін математикалық және статистикалық өңдеу және жалпылау, құрамында көміртегі бар шикізат негізінде азық қоспаларын алудың экономикалық тиімділігін есептеуде еңбекқорлық танытып, алдына қойылған мақсатты міндеттерді заманауи ғылыми әдістермен іске асыруға қабілеттілігін көрсете білді.

Докторант М.Б. Камбатыровичтың негізгі зерттеу нәтижелері Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған тізбеге енетін басылымдарда 3 мақала, халықаралық Scopus деректер базасына енетін журналдарда 2 мақала, халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция еңбектерінде 3 мақала, ғылыми басылым беттерінде 1 мақала жарияланып, және пайдалы модельге 2 өнертабыс алынған.

Диссертациялық жұмыстың қорытындысы мен қорғауға ұсынылатын негізгі қағидалары жеткілікті деңгейде дәлелденген. Зерттеу барысында алынған ғылыми нәтижелердің тәжірибелік құндылығы жоғары, және де диссертациялық жұмыстарға қойылатын талаптарға сай келеді. Диссертациялық жұмыс 6D072000 - Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы мамандығы бойынша диссертациялық кеңесте қорғауға ұсынылады.

Философия докторы (PhD),

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан

Университеті, Академиялық Ғылым

Департаментінің директоры



 Назарбек У.Б.